

Шаушекова Б.Қ., Ануарбек Асем

Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ АРҚЫЛЫ ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Әр халықта халықтың құрылу барысында қалыптасқан жасөспірімдерге білім берудің өзіндік ерекше педагогикалық жүйесі бар, оған аталған этностың қалыптасу барысындағы жергілікті этногеографиялық ерекшеліктері кіреді. Жас ұрпаққа осылай білім беру жүйесі мен тәрбиелеу “халықтық педагогика” термині арқылы немесе “этнопедагогика термині арқылы біріктіріледі.

Халық педагогикасы ұжымдық халықтық шығармашылықтың құрамдық бөлігі ретінде және халықтың этникалық мәдениетінің көрінісі ретінде болады. Көптеген дәстүрлі педагогикалық жүйеге қатысты мәселелерді Қазақстандық педагог-ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты көптеген зерттеулерден өз көріністін тапты Халық педагогикасы ұжымдық халықтық шығармашылықтың құрамдық бөлігі ретінде және халықтың этникалық мәдениетінің көрінісі ретінде болады.

Халық педагогикасы ертеректе пайда болған ол сол халық қанша өмір сүрсе, сонша уақыт өмір сүріп келе жатыр. Тарихи педагогикалық әдебиеттерде кейінгі кезде «Халық педагогикасы» деген ұғымды әр қырынан зерттеп келеді. Халықтың санасына тән рухани құбылыс, әр халықтың жинақтаған педагогикалық мол тәжірибесі, халықтың педагогикалық ойлары мен іс-әрекетінің жинағы, халық тәрбиесі туралы ғылым. Қалиев Серғазы. Қай заманның болмасын немесе қандай да болсын халықтың педагогикалық ғылымның патриархы өз жұмыстарын халық педагогикасына сүйене отырып жасаған, ол халықтың идеясын дамыта, табиғатты танушылығын тәрбиелей отырып, өзінің білім беру және тәрбие беру жүйесінде халықтық педагогика

құндылықтарын пайдалана отырып, өз педагогикалық тәжірибелерінде халықты ең жоғарғы парасат ретінде қарастырған.

Я.А. Коменский өз еңбектерінде ең бірінші болып халық байлығына көз жүгірткен. Ұлы чех педагогінің шыңы өз халқының ауыз әдебиетін жинау мен оны жүйелеуден және терең зерттеуден басталды. Мектепке дейінгі тәрбие беру тәжірибесін жалпылай отырып Я. А. Коменский сол «Ана мектебі», «Ана тілі» мектеп жүйесін жасаған [1].

Отандық педагогикаға “Халықтық педагогика” терминін енгізу К.Д. Ушинскийдің педагогикалық ойларымен байланысты [2].

К.Д. Ушинскийдің ойынша халықтық педагогика, педагогиканың ғылым ретінде қалыптасуына негізгі әсер етуші фактор болып саналады.

К.Д. Ушинскийдің ойынша барлықтарына тән жалпы туа біткен бейімділік бар, оған үнемі тәрбие беру кезінде сүйенуге болады: ол біздің айтып жүрген халықтығымыз. “К.Д. Ушинский – халықтық сезім -әр адамның бойындағы күшті әсер ретінде барлық қасиеттілердің жойылуы кезінде ол ең артынан сөнеді деп жазды [2]. Ушинский үшін халықтық негіз - Ресей халқын хрестияндыққа тәрбиелеудің негізгі мақсаты болмақ.

XX ғасырдың 20-30 жж. халықтық педагогиканы зерттеу бойынша көптеген ғылыми жұмыстардың басталуынан көрінді.

Атақты этнограф және педагог Г.С. Виноградовтың атымен байланысты. Дат ауыз әдебиетін зерттеу барысында ол халықтық педагогиканы оқытудың гуманистік принципін ұсынды, ол оны бала көзқарасы ретінде қарастырды. Г.С. Виноградов халықтық педагогиканы өмірге деген халықтық көзқарас, тәрбие беру мен білім берудің бірлігі, оның мақсаттары мен міндеттері ретінде жаңа ұрпаққа әсер ету ретінде көрсетілген. “Г.С.Виноградов –халықта жаңа ұрпақпен бірге пайда болатын өмірге деген, тәрбие беру мен білім беруге деген өзіндік көзқарастары бар мақсаттары мен жолдары көрсетілген т.б. Олардың өзара бірігуі мен әрекеттесуін халықтық педагогика деп атаймыз [3]. Виноградовтың ойынша халықтық педагогика “ жүйе ретінде емес ол білім мен дағдылар бірлігі ретінде”. Сондықтан, халықтық педагогика туралы сөз болғанда педагогикалық

физиологиялық сипат алады. Жер бетіндегі этностардың қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі - ол геомагниттік алаң. В.И. Вернадскийдің [5] айтуынша, этнос пен ландшафтардың, ғаламдық флуктация мен биологиялық энергияның өзара әсері ноосфера қалыптастырады (сана сферасы), ол ұлттық психология ерекшелігіне әсер етеді.

Демек, халықтың өмір сүру ортасы бола отырып және оның негізгі өндіріс негізі бола отырып, сол ортада өмір сүріп жатқан этностың табиғи қоршаған ортасы оның өндірушілік сипатына, әрекеттеріне және этникалық топтың құрылуына, оның психикасына әсер етеді.

Халық мәдениетінің қалыптасу процесі (материалдық және рухани), бейімделу процесі, қоршаған ортаға оның табиғи жағдайына бейімделуі.

Бұл жерде бейімделу адам ағзасының физиология мен морфологиялық өзгеруі арқылы, яғни биологиялық бейімделу арқылы жүреді, әлеуметтік бейімделу маңызды емес. Демек, әлеуметтік фактор, нақты көрінген әлеуметтік биологиялық бейімделу, туралы айту маңыздырақ болмақ. Бұл өзінің өмір сүру ортасындағы нақты бір жағдайға бейімделу (экологиялық жағдай) туралы түсіндіріледі, ол - индивидтің неғұрлым нақты бір шаруашылық әрекетін таңдауы арқылы жүреді. Бейімделудің нәтижесі ретінде нақты бір шаруашылық мәдени түр қалыптасты, ол тарихи түрде нақты бір экологиялық жағдайда, қандай да бір халықтың материалдық рухани жағдайына қатысты.

Этнос пен қоршаған ортаның өзара әсері туралы мәселені неғұрлым жаңа түрде дамушы ғылыми пән – этникалық экологияда қарастырады. Этникалық экология (этноэкология), біз таңдаған аталмыш диссертациялық зерттеудің негізі болып отырған ғылыми-педагогикалық мәселені бізді қызықтырып отырған аспектіде қарастыруға, жұмыс барысында нақты зерттеуге мүмкіндік береді.

Қазақстанның жоғарыда көрсетілген ғылыми зерттеулерінде мектепке дейінгі балалардың, жеткіншектердің, орта кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың этномәдени құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері көпмәдениетті білім беру жүйесінде орын алған сұрақтармен біріктірілген.

Дегенмен, осы зерттеулерде ЖОО білім алушыларының этномәдени құзыреттерін қалыптастыру арнайы әлеуметтік зерттеу нысаны болып табылмайды.

Қазақстанда векторы қазіргі этномәдени білім беруге бағытталған: «ҚР этникалық – мәдени білім тұжырымдамасы туралы» (ҚР Президентінің Өкімі. 1996 жылғы 15 шілде №3058) нормативті құжаттың бар екендігін атап көрсетуге болады [6].

Этникалық-мәдени білім берудің негізгі міндеттері ретінде мыналар ұсынылады:

- жан-жақты мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу: тұлғаның өзінің төл мәдениетіне сай болуына және өзге мәдениеттерді игеруіне жағдайлар жасау. Мәдениеттер алмасуына, олардың бірін-бірі байытуына бағдар ұстау;

- көп тілді жеке адамды қалыптастыру: ана тілінде, мемлекеттік және орыс тілдерінде еркін ұғынысуға қабылетті азаматтарды даярлау. Сол арқылы өзінің этникалық тобына қатысты да, мемлекетіне қатысты да "бірдей адалдық" үлгісін іске асыру. Нақты практикада үш, төрт, одан да көп тілдерді тиімді меңгеру туралы сөз қозғалуы мүмкін.

Мына мәселелер бойынша байыпты зерттеулер мен нақтылы ұсыныстар қажет:

- білім беру саласындағы ұлттық қатынастарды реттеу де өкімет органдарының, білім беру мен ғылыми мекемелердің, оқу орындарының, ұлттық-мәдени орталықтардың, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың, саяси бірлестіктердің күш-жігерін біріктіру;

- ғылыми-техникалық прогресс, өмір салтын өзгерту жағдайында халықтардың этникалық-мәдени ерекшелігін сақтау, ұлттық мәдениеттің мәдени ассимиляцияға қарсы тұратын этникалық қорғаныс функциясын дамыту;

- этносаралық бейімделуді қалыптастыру тетігінің педагогикалық және психологиялық аспектілерін жасау;

- этностардың лингвистикалық-этникалық қажеттіліктерін ескеру мен қанағаттандыру және т.б.

Осылайша, этномәдени құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі, өте көп қырлы бола отырып, бүгінгі таңда әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасу жағдайында одан әрі зерттеуді қажет етеді. Мәселенің жеткіліксіз зерделенуі оның тәжірибелік шешімдегі қиындықтардың болуына себепші болады, бірақ, осыған қарамай, халық педагогикасының негізі жастар мен өскелең ұрпақтың адамгершілік, мәдени және рухани құндылықтарын қалыптастырудағы басты реттеуші құрал болып қала береді.

К.Ж. Қожахметованың «Казахская этнопедагогика методология, теория, практика» [8] атты еңбегінде білім беру жүйесіне байланысты қазақ халық педагогикасының өзекті, өте құнды мәселелері қарастырылған. Қазақ этнопедагогикасының негізгі базасына халықтық білімдер жатады. Халықтық білімдер табиғат құбылыстары мен процестері эмпирикалық жолмен бақылау арқылы жинақталған, практикалық іс-әрекетте қолданылатын дәстүрлер мен білім кешені жағдайына ықпал етеді. Халықтық білімнің дамуына географиялық және ауа райы жағдайына ықпал етеді. Адам өзі тұрып жатқан жердің табиғатына сәйкес бейімделеді де, өмір сүруге қажетті білімді меңгереді. Халықтық білімді оқып үйреніп халық медицинасы, халық календары, халық метрологиясы, педагогика, психология мәдениетінің дамуын қарастыруға мүмкіндік береді де, тағы басқа халықтық өмір құбылыстары, біртұтас дүниені құрайтын халықтық материалдық және рухани мәдениетті атқаратын және қалыптастыратын механизмді анықтайды.

Халықтық тәрбие құралдары және оның факторлары.

Этникалық тәрбиенің құралдары: дәстүрлер мен салттар, әдет-ғұрыптар, салт-жоралғылар

Қазақ халқының ауызекі шығармашылығы: ертегілер мен жаңылтпаштар, бесік жыры, тұсау кесу жыры, батырлары жырлары, аңыз әңгімелер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, санамақтар, айтыс өнері мен шешендік өнер, бата –тілек білдіру, ырым-тыйым сөздер, термелер

Ұлттық ойындар, ұлттық спорттық ойындар мен жарыстар.

1. Этникалық тәрбиенің құралдары: дәстүрлер мен салттар, әдет-ғұрыптар, салт-жоралғылар

Тарихқа көз жүгіртсек, бала тағдырын – ұлт тағдыры деп қарап, келешек ұрпағының тексіз, түпсіз өсуіне жол бермеген, жетімдерін жылатпаған, жесірлерін жерге қаратпаған елдік дәстүрлер болған. Осыған орай, бүгінгі күннің жанару бағыты бала тәрбиесінің арқауына ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрді халықтың рухани игілігін пайдалану басты назарда болуы көзделініп отыр.

Қазақ халық тәрбиесінде болмысқа мәдени танымдық көзқарасты, мәдени қарым-қатынасты қалыптастыру, жастар мен балаларды рухани-адамгершілік құндылық мәдениетіне тарту құралдары сан алуан. Халықтың ауызекі шығармашылығының түрлі жанрлары да (ертегілер, эпостық жырлар, мақал-мәтелдер, аңыз-әңгімелер, дастандар, жаңылтпаштар және т.б.), ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптары да, сәндік-қолданбалы өнері мен музыкалық өнері де, ұлттық ойындары да соның жарқын айғағы болып табылады.

Халық педагогикасы мұраларының бірі – дәстүр. Дәстүр – бір ұрпақтан екінші ұрпаққа ауысып отыратын қоғам өмірінің дамуына сәйкес өзгеріп, кейбіреулері жаңа мазмұн алып, әрмен қарай дамитын халықтың қоғамдық-тарихи өмірінде қалыптасқан құбылыс. Халық дәстүрінің танымдық-тәрбиелік мәні – ұлан-ғайыр дүние. Ол тұтастай алғанда жас ұрпақ үшін ғана, адам өмірінің рухани-адамгершілік қуатының қайнары. Оның ішінде тікелей бала тәрбиесіне бағытталған, баланың жан дүниесіне қалыптасуына, рухани марқаюына негіз болатын мүмкіндіктер көп-ақ. Ол – халықтың кәсібімен, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпымен, тілімен, тарихымен, адами ізгілік қасиет-сапаларымен сабақтасып, біте қайнасып, тарихи кезеңдер ерекшелігіне, қоғам тану сатыларына қарай жетіліп, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын қастерлі мұра. Қазақ халқының дәстүрлерінің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқаны оның өміршеңдігінде, тәлім-тәрбие ісінде кең таралғандығында. Адамның туған күнінен бастап барлық өмір жолын қамтитын әртүрлі рәсім, дәстүрлер бар.

Ендігі мақсат – ата-баба дәстүрінің озығын жаңарту, оны жеке тұлғаны қалыптастыруда басты рөлге айналдыру, қазақтың ата салтын, қағидасын қазіргі өмір тынысына сай пайдалану, жаңарту басты мәселе. Дәстүр дегеніміз - әдет-ғұрыптың өмірдегі өсіп жетілген әр түрлі формасы.

Қай халықтың болса да ұлттық үдерісі, ұлттық қасиеті, өзіндік әуені, тағылымды дәстүрі мәртебесін биікке көтеріп тастайтыны сөзсіз. Киелі, керемет дәстүрлері арқылы ғана әрбір ұлт өзінің ұлттық бояуы мен өзінің болашақ ұрпағының төл келбетін қалыптастырады. Салт – адам өмірінің күнделікті тіршілігінде (отбасынан бастап, қоғамдық өмірдегі қатынаста) жиі қолданылатын мінез-құлық, қарым-қатынас ережелері мен жол-жора, рәсім заңдар жиынтығы. Ол жеке тұлға өмірінде еңбек, іс-әрекет, адамгершілік, құқық, дін ережелерімен байланысты көрініс береді де біртіндеп ауыл-аймақ, ру, тайпаға ортақ рәсімге айналады. Игі әдеттердің өмір қолданысына айналуын әдет-ғұрып деп атаймыз. Ал, оның біржолата өмір заңдылығына айналуы салт-дәстүр деп аталады. Ұлттық рухымыздағы дәстүр тәрбиеленушілердің тұлғасын қалыптастыруда тиімді деп есептеледі.

Дәстүр – қоғамдық сананың барлық салаларымен байланыста дамыған, топтасқан қауымның қалыптасқан бірыңғай көзқарасын, әдет-заңын марапаттайтын рәсім. Дәстүрге ғасырлар бойы қалыптасып сұрыпталған әдет-ғұрыптар, жол-жоралар, көзқарас-түсініктер жатады. Ал жол-жоралғылар - әдет-ғұрыптың бөлшектері, сонан келіп салт пен дәстүр тоғысып, туындайды.

Салт-дәстүрлер – ұлттың ұлт болып қалыптасуымен бірге туып, бірге дамып келе жатқан тарихи және көне процесс. Ол ұрпақ тәрбиесінен, мәдени тұрмысы мен шаруашылық тіршілігінен көрініс бере отырып, адамның дүниеге келуімен бірге өрбіп, о дүниеге аттаныпкеткенше құндақтайтын, тербететін алтын бесігі іспеттес. Ұлттық салт-дәстүрлер негізгі сипатына қарай ерекшеленеді: а) ұрпақтан ұрпаққа жалғасады; ә) өмірдің заңды ырғақты құбылыстарымен: уақыт, тарих көшіне сай қалыптасады; б) ұжымдық, символдық іс-қимыл, қоғамдық қарым-қатынастың құралы.

Сонымен, қорытындылай келе, бүгінгі таңда бастауыш мектеп оқушыларына халық педагогикасы арқылы этномәдени құндылықтарды қалыптастырудың тенденциясы этномәдени тәжірибені келер ұрпаққа жеткізуге білікті, тұлғаға жан-жақты білім беруде, дамытуда, және тәрбиелеуде, этникалық мәдениеттің үлгілеріне ие, тәрбие берудің ұлттық идеалдарына сәйкес және олардың дамуының этнопедагогикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып, бастауыш мектеп оқушыларының этномәдени тәрбие міндеттерін толыққанды іске асыруға болашақ педагогтың теориялық, практикалық және жеке дайындығының жоғары деңгейін болжайтын жорамал ерекше бақылануда.

Әдебиеттер

1. Коменский Я.А., Локк. Д., Руссо.Ж.Ж., Пестолоцци И.Г. Педагогическое наследие. – М.: Наука, 1987. – 416 с.
2. Ушинский К.Д. Балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі таңдамалы пікірлер. – Алматы: Наука, 1951. – 120 б.
3. Виноградов Г.С. Народная педагогика. – В кн.: Сибирская живая страна. – Иркутск: Педагогика, 1926. – С. 5– 9.
4. Волков Г.Н. Чувашская народная педагогика. – Чебоксары: Педагогика, 1970. – 96 с.
5. Вернадский В.И. Философские мысли натуралиста – М.:Наука, 1988. – 520 с.1.
6. Наурызбай Ж.Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 192 б.
7. Қожахметова Қ.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1998. – 317 с.